

АКМОЛА
ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ



АКИМАТ
АКМОЛИНСКОЙ
ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2021.05.01

А-1/2

Степногорск қаласының,
Бұланды, Бурабай, Есіл,
Шортанды аудандарының
мемлекеттік білім беру
мекемелері мен кәсіпорындарының
атауларын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексіне, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы заңдарына сәйкес, Акмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Степногорск қаласының, Бұланды, Бурабай, Есіл, Шортанды аудандарының мемлекеттік білім беру мекемелері мен кәсіпорындарының атаулары өзгертілсін.

2. Қоса беріліп отырған:

- 1) «Акмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің;
- 2) «Акмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің;
- 3) «Акмола облысы білім басқармасының Бурабай ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің;
- 4) «Акмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің;
- 5) «Акмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің.

3. Қоса беріліп отырған Степногорск қаласының, Бұланды, Бурабай, Есіл, Шортанды аудандарының білім беретін коммуналдық мемлекеттік мекемелері мен мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындарының жарғылары бекітілсін.

2

4. «Акмола облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте Акмола облысының тіркеуші органдарында жоғарыда көрсетілген мемлекеттік білім беру мекемелері мен кәсіпорындарының мемлекеттік қайта тіркелуін қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Акмола облысы әкімінің орынбасары А.Е. Мысырәлімоваға жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Акмола облысы әкімінің
міндетін атқарушы



М. Тәткеев

